

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау
министрлігіҚазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2026 жылғы 24 шілдедегі № 82
бұйрығыМинистерство здравоохранения Республики
Казахстан

**«Денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамытудың бірыңғай
перспективалық жоспарын қалыптастыру, келісу және бекіту қағидаларын
бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2024
жылғы 16 мамырдағы № 316 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамытудың бірыңғай перспективалық жоспарын қалыптастыру, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2024 жылғы 16 мамырдағы № 316 бұйрығына мынадай өзгеріс енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамытудың бірыңғай перспективалық жоспарын қалыптастыру, келісу және бекіту қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрілігінің Инвестициялық саясат департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрық қабылданған күннен бастап күнтізбелік бес күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрілігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;



«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код

ҚР НҚА ЭББ-гі нақты
құжатқа сілтеу QR-коды

2) осы бұйрықты ресми жариялағаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының назарына жеткізуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі **А. Алыназарова**

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі
2026 жылғы 24 шілдедегі
№ 82 бұйрығына
қосымша

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2024 жылғы 16 мамырдағы
№ 316 бұйрығына
қосымша

Денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамытудың бірыңғай перспективалық жоспарын қалыптастыру, келісу және бекіту қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамытудың бірыңғай перспективалық жоспарын қалыптастыру, келісу және бекіту қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 7-бабы 69) тармақшасына сәйкес әзірленді және денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамытудың бірыңғай перспективалық жоспарын қалыптастыру, келісу және бекіту тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда қолданылатын негізгі ұғымдар:

1) денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамытудың бірыңғай перспективалық жоспары (бұдан әрі – бірыңғай перспективалық жоспар) – денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітетін денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамытудың өңірлік перспективалық жоспарлары негізінде әзірленген республикалық жоспар;

2) денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамытудың өңірлік перспективалық жоспары (бұдан әрі – өңірлік перспективалық жоспар) – денсаулық сақтау ұйымдарының бұрыннан бар желісі, жоспарланып отырған қайта құрылымдау (ашу, біріктіру, жабу, қайта бейіндеу) жөніндегі ақпаратты, сондай-ақ денсаулық

сақтаудың жаңа объектілеріне қажеттілік және инвестицияларды жоспарлау туралы ақпаратты көрсететін өңірдің инфрақұрылымын дамытудың ұзақ мерзімді жоспары;

3) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтау, медицина және фармацевтика ғылымы, медициналық және фармацевтикалық білім беру, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың айналысы, медициналық қызметтер (көмек) көрсетудің сапасы саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

4) денсаулық сақтау саласындағы ұлттық оператор (бұдан әрі – Ұлттық оператор) – денсаулық сақтау саласындағы, оның ішінде денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамыту жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

5) денсаулық сақтау объектілері – денсаулық сақтау саласындағы медициналық, фармацевтикалық және білім беру қызметін жүзеге асыру шеңберінде пайдаланылатын ғимараттар мен құрылыстар, мүліктік кешендер;

6) өтініш беруші – жеке немесе заңды тұлға, оның ішінде уәкілетті органға ведомстволық бағынысты денсаулық сақтау ұйымы, дербес ұйым, соның ішінде дербес білім беру ұйымы, жеке ұйым, денсаулық сақтау ұйымдарын қоса алғанда, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (бұдан әрі - ТМККК) шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (бұдан әрі - МӘМС) жүйесінде медициналық қызметтер көрсететін немесе көрсетуді жоспарлап отырған ұйым, не денсаулық сақтау саласында инвестициялық жобаны іске асыруға ниетті ұйым.

2-тарау. Денсаулық сақтау инфрақұрылымын дамытудың бірыңғай перспективалық жоспарын қалыптастыру тәртібі

3. Бірыңғай перспективалық жоспарды уәкілетті орган Кодекстің 12-бабы 2-тармағының 29) тармақшасына сәйкес жергілікті атқарушы органдар (бұдан әрі – ЖАО) әзірлеген және бекіткен астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың өңірлік перспективалық жоспарлары негізінде қалыптастырады.

ЖАО Кодекстің 12-бабы 2-тармағының 37) тармақшасына сәйкес денсаулық сақтау ұйымдары желісін дамытуды және өңірлік перспективалық жоспарларды орындауды жүзеге асырады.

4. Өңірлік перспективалық жоспарды Кодекстің 65-бабы 3-тармағының талаптарын және өтініш берушілерден келіп түскен деректерді ескере отырып, осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша ЖАО он жылдық кезеңге әзірлейді.

Өңірлік перспективалық жоспарды әзірлеу кезінде қолданыстағы денсаулық сақтау инфрақұрылымын талдау нәтижелері және алдыңғы өңірлік перспективалық жоспарлардың орындалуын мониторингтеу нәтижелері (бар болған жағдайда) ескеріледі.

5. Инвестициялық жоспарлау және денсаулық сақтау ұйымдары желісін дамыту өңірлік перспективалық жоспарларға сәйкес жүзеге асырылады.

Өңірлік перспективалық жоспарларда көзделмеген денсаулық сақтау объектілерін салу, реконструкциялау, күрделі жөндеу жүргізу, ашу, біріктіру, жабу, медициналық көмектің түрін өзгерту, сенімгерлік басқаруға беру, иеліктен шығару және жекешелендіру іс-шараларын іске асыруға жол берілмейді.

ЖАО денсаулық сақтау объектілерін салуға, күрделі жөндеуге және реконструкциялауға бюджеттік өтінімдерді қалыптастыруды бекітілген өңірлік перспективалық жоспар негізінде жүзеге асырады.

6. Ашықтықты және қатысуға тең қолжетімділікті қамтамасыз ету, сондай-ақ өтініш берушілердің бастамаларын ескеру мақсатында өңірлік перспективалық жоспарды қалыптастыру кезінде ЖАО денсаулық сақтау ұйымдарын немесе денсаулық сақтау саласындағы инвестициялық жобаларды өңірлік перспективалық жоспарға енгізу мәселесін қарау жөніндегі өтінімдерді қабылдауды және тіркеуді қамтамасыз етеді.

Өтінімдерді қабылдауды жылына бір рет ағымдағы жылғы қаңтардан бастап сәуірге дейінгі аралықта ЖАО жүзеге асырады.

Өтінімдерді қабылдаудың басталуы туралы ақпарат өтінімдерді қабылдау басталған күнге дейін 20 (жиырма) жұмыс күннен кешіктірмей ЖАО-ның ресми интернет-ресурсында орналастырылады. Хабарландыруда өтінімдерді қабылдау кезеңі, сондай-ақ өтінімдерді қабылдауды ұйымдастыруға және өтініш

берушілерге консультациялық қолдау көрсетуге жауапты құрылымдық бөлімшенің байланыс деректері көрсетіледі.

7. Өтінім осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша беріледі және тіркеу нөмірін беру және келіп түскен күнді белгілеу арқылы міндетті түрде тіркелуге жатады.

8. ЖАО өтінім тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 2-қосымшасында көрсетілген ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді. Кемшіліктер анықталған жағдайда өтініш берушіге нақты ескертулер мен оларды жою мерзімі көрсетілген жазбаша хабарлама жіберіледі. Бұл ретте ескертулерді жою мерзімі өтініш беруші жазбаша хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен аспауға тиіс.

Ұсынылған материалдардың толықтығына қайта тексеру жүргізу нәтижесінде өтініш берушінің бұрын көрсетілген ескертілерді жоймағаны немесе құжаттардың толық емес пакетін ұсынғаны анықталған жағдайда ЖАО материалдар мен құжаттар келіп түскен күннен бастап бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде себептерін көрсете отырып, өтінімді қабылдамау туралы хабарлама жібереді

Қабылданбаған жағдайда өтінім ағымдағы өтінімдерді қабылдау кезеңі шеңберінде қаралмайды. Өтінімді қайта беру тек келесі күнтізбелік жылдан бастап, осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес құжаттардың толық пакеті ұсынылған жағдайда ғана жол беріледі.

9. Материалдардың толықтығы расталғаннан кейін ЖАО өңірлік перспективалық жоспар жобасына енгізу жоспарланып отырған денсаулық сақтау ұйымына немесе инвестициялық жобаға мынадай мәселелер бойынша:

1) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 15 қазандағы № ҚР ДСМ - 133/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21452 болып тіркелген) бекітілген денсаулық сақтау ұйымдары желісінің мемлекеттік нормативіне сәйкестігіне;

2) қызмет көрсету аумағында (аймағында) қуаттардың тапшылығының бар немесе жоқ екендігі, сондай-ақ осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес халықтың қажеттілігі мен денсаулық сақтау объектілерінің қуаттылығы негізінде айқындалатын инфрақұрылымның жеткіліктілігіне;

3) параметрлердің демографиялық болжамға сәйкестігіне;

4) қолданыстағы және өңірлік перспективалық жоспарға бұрын енгізілген қуаттылықтардың қайталануының бар-жоғына алдын ала талдау жүргізеді.

10. Алдын ала талдау нәтижелері бойынша ЖАО өтінім түскен күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде өтініш берушіге алдын ала кезеңде қабылданған шешім туралы мынадай мәртебелердің бірін қамтитын жазбаша хабарлама жібереді:

1) белгіленген талаптарға сәйкес деп танылды және осы Қағидаларға сәйкес кейінгі бағалау мен келісу үшін өңірлік перспективалық жоспар жобасына енгізілді;

2) жекелеген есептеулерді нақтылауды немесе қосымша материалдарды ұсынуды талап етеді;

3) өңірлік перспективалық жоспар жобасына енгізу үшін сәйкес емес деп танылды.

Денсаулық сақтау ұйымын немесе инвестициялық жобаны өңірлік перспективалық жоспар жобасына енгізу туралы шешім қабылданған жағдайда ЖАО өтініш берушіге тиісті хабарлама жібереді.

Алдын ала кезеңде сәйкес келмейді деп танылған жобалар осы Қағидаларда көзделген негіздемелер көрсетіле отырып, дәлелді бас тартуға жатады.

Өтініш беруші ескертулерді жойғаннан кейін, өтінімдерді қабылдаудың кезеңінде қайта өтінім беруге не бас тарту туралы хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде шешімді қайта қарау туралы жазбаша өтінішпен жүгінуге құқылы.

11. ЖАО әзірлеген өңірлік перспективалық жоспардың жобасы электрондық құжат айналымы арқылы мынадай материалдар қоса бере отырып, Ұлттық оператордың қарауына:

1) барлық жоспарланған іс-шаралар бойынша егжей-тегжейлі негіздемесі бар өңірлік перспективалық жоспар жобасына түсіндірме жазбаны;

2) толық құжаттар топтамасын денсаулық сақтау ұйымын немесе инвестициялық жобаны өңірлік перспективалық жоспарға енгізу туралы өтінімдерде, оларға қоса берілген құжаттардың толық топтамасын, сондай-ақ осы

Қағидалардың 10-тармағына сәйкес жүргізілген талдау нәтижелерін және олар бойынша қабылданған алдын ала шешімдер туралы мәліметтерді;

3) Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары - Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрінің 2013 жылғы 24 қыркүйектегі № 239/НҚ бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8851 болып тіркелген) бекітілген Ауылдық елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық дамуының мониторингі мен талдауын жүзеге асыру жөніндегі нұсқаулықтың 3-қосымшасына сәйкес соңғы 5 (бес) жылдағы халық саны туралы мәліметтерді;

4) «Денсаулық сақтау саласындағы есептік құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 22 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-313/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №21879 болып тіркелген) 19-қосымшаға сәйкес денсаулық сақтау ұйымдарының соңғы 3 (үш) жылдағы есебі, сонымен қатар, 26-қосымшаға сәйкес денсаулық сақтау ұйымдарының соңғы 3 (үш) жылдағы желісі мен қызметі туралы есебі;

5) өңірдің даму перспективалары жөніндегі құжаттары мен материалдары (аумақтық даму жоспары; облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың даму жоспарлары және т. б.);

6) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 28 мамырдағы № 262 бұйрығымен бекітілген Бюджеттік есептілікті жасау және ұсыну қағидаларына 5-қосымшаға сәйкес 4-20 нысан бойынша қаржыландыру жоспарының орындалуы туралы есепті жібереді.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және осы Қағидаларға сәйкес ЖАО ұсынылған құжаттардың уақытылығын, дұрыстығын, толықтығын және сапасын қамтамасыз етеді.

12. ЖАО осы Қағидалардың 11-тармағында көрсетілген құжаттар пакетін толық ұсынбаған жағдайда Ұлттық оператор құжаттар келіп түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жетіспейтін құжат(тар) туралы ақпаратты көрсете отырып, өңірлік перспективалық жоспардың жобасын қарауда осы Қағидаларда белгіленген өлшемшарттарға сәйкес еместігі туралы еркін нысанда хабарлама жібереді.

13. ЖАО хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ескертулерді жояды және осы Қағидалардың 11-тармағында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, өңірлік перспективалық жоспардың жобасын қайта енгізеді.

14. Ұлттық оператор өңірлік перспективалық жоспарлардың жобаларын қарау кезінде:

1) ұсынылған ақпараттың толықтығы мен сапасын, сондай-ақ өңірлік перспективалық жоспар жобасында ақпараттың толтырылуын бағалауды жүзеге асырады;

2) жоспарланған кезеңге халық саны мен құрылымының болжамын қоса алғанда өңірдің демографиялық көрсеткіштеріне талдау жүргізеді;

3) халық денсаулығының жай-күйінің көрсеткіштерін талдайды;

4) жүктеме деңгейін, қуаттылықты пайдалану коэффициенттерін және резервтердің болуын қоса алғанда денсаулық сақтау ұйымдарының негізгі қызмет көрсеткіштерін бағалайды;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 15 қазандағы № ҚР ДСМ - 133/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21452 болып тіркелген) бекітілген денсаулық сақтау ұйымдары желісінің мемлекеттік нормативіне сәйкестігі тұрғысынан қолданыстағы және жоспарланып отырған денсаулық сақтау ұйымдары желісіне талдау жүргізеді;

6) қолданыстағы денсаулық сақтау инфрақұрылымының жағдайына талдау жүргізеді;

7) медициналық көмектің түрлері мен бейіндері бойынша ұзақ мерзімді қуат тапшылығының болуы немесе болмауын айқындайды;

8) бұрын енгізілген жобаларды ескере отырып, қолданыстағы және жоспарланып отырған денсаулық сақтау ұйымдарының болжамды жүктемесін бағалайды;

9) халықтың демографиялық көрсеткіштерін, денсаулық жай-күйінің көрсеткіштерін, денсаулық сақтау ұйымдары қызметінің көрсеткіштерін ескере отырып, өңірлік перспективалық жоспар жобасының жоспарланып отырған іс-шараларын бағалауды жүзеге асырады.

15. Өңірлік перспективалық жоспардың жобасын қарау мерзімі электрондық құжат айналымы арқылы келіп түскен күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнін құрайды.

16. Ұсынылған құжаттарды қарау нәтижелері бойынша Ұлттық оператор электрондық құжат айналымы арқылы ЖАО-ға осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өңірлік перспективалық жоспардың жобасын бағалау туралы ақпаратты (бұдан әрі – Жобаны бағалау туралы ақпарат) жібереді.

17. ЖАО ескертулерді алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде өңірлік перспективалық жоспардың жобасын пысықтауды жүзеге асырады және Ұлттық операторға қайта қарауға жібереді.

Өңірлік перспективалық жоспардың жобасына қайталама ескертулер қойылған жағдайда Ұлттық оператор Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес ЖАО лауазымды тұлғаларына қатысты тиісті шаралар қабылдау үшін уәкілетті органды хабардар етеді.

18. Ұлттық операторда ескертулер болмаса ЖАО электрондық құжат айналымы арқылы Ұлттық оператордан Жобаны бағалау туралы ақпаратты алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Жобаны бағалау туралы ақпаратты қоса бере отырып, өңірлік перспективалық жоспардың жобасын уәкілетті органға келісу үшін жібереді.

19. Өңірлік перспективалық жоспардың жобасын келісуді уәкілетті орган ол электрондық құжат айналымы арқылы келіп түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

20. Өңірлік перспективалық жоспардың жобасы уәкілетті орган келіскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірілмей ЖАО шешімімен бекітіледі және ЖАО-ның ресми интернет-ресурсында орналастырылады.

21. Өңірлік перспективалық жоспар бекітілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде электрондық құжат айналымы арқылы уәкілетті органға және Ұлттық операторға жіберіледі.

22. ЖАО тоқсан сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 5 (бесінші) күнінен кешіктірмей Ұлттық операторға осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес өңірлік перспективалық жоспарлардың орындалу барысы туралы ақпаратты ұсынады.

23. Ұлттық оператор осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өңірлік перспективалық жоспарлардың орындалуын мониторингтеу жөніндегі жиынтық есепті қалыптастырады.

Өңірлік перспективалық жоспарлардың орындалуын мониторингтеу жөніндегі жиынтық есепті Ұлттық оператор есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 10 (оныншы) күнінен кешіктірмей тоқсан сайын уәкілетті органға жібереді.

24. Өңірлік перспективалық жоспарды қайта қарауды (өзектілендіруді) ЖАО жылына бір реттен жиі емес, мынадай жағдайларда:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш берушілердің берген өтінімдері негізінде;

2) ЖАО, уәкілетті органның немесе Ұлттық оператордың бастамасы бойынша мынадай жағдайлардың бірінде:

өңірлік перспективалық жоспарға сәйкес көзделген іс-шараларды іске асыру мерзімдерін өзгерту;

денсаулық сақтау ұйымдары желісін қайта құрылымдау қажеттілігі (ашу, біріктіру, жабу, медициналық көмектің түрін өзгерту, сенімгерлік басқаруға беру, иеліктен шығару, жекешелендіру);

денсаулық сақтау объектілерін салу, қайта құру немесе күрделі жөндеу қажеттілігі;

іс-шараларды іске асыру параметрлерін, оның ішінде қаржыландыру көздері, қаржыландыру көлемдері, жоспарланған құны және іске асыру мерзімдерін өзгерту немесе нақтылау;

денсаулық сақтаудың қолданыстағы инфрақұрылымын талдау және (немесе) өңірлік перспективалық жоспардың орындалуын мониторингтеу нәтижелері бойынша;

денсаулық сақтау ұйымдары желісін қалыптастыруға әсер ететін жаңа нормативтік құқықтық актілердің және (немесе) нормативтік-техникалық құжаттардың өзгеруі немесе күшіне енуі кезде жүзеге асырылады.

25. Өңірлік перспективалық жоспарды қайта қарауға (өзектілендіруге) қажеттілік болмаған жағдайда ЖАО 15 мамырдан кешіктірмей уәкілетті органды және Ұлттық операторды өңірлік перспективалық жоспарды қайта қарау (өзектілендіру) қажеттілігінің жоқтығы туралы (еркін нысанда) хабардар етеді.

26. Өңірлік перспективалық жоспарды қайта қарау (өзектілендіру) осы тарауда көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

3-тарау. Бірыңғай перспективалық жоспарды келісу және бекіту тәртібі

27. ЖАО бекітілген өңірлік перспективалық жоспарларды ұсынған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде уәкілетті орган осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бірыңғай перспективалық жоспарды қалыптастырады.

28. Кодекстің 65-бабының 3-тармағына сәйкес бірыңғай перспективалық жоспардың қалыптастырылған жобасын уәкілетті орган бекітеді.

29. Бірыңғай перспективалық жоспар бекітілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында орналастырылады.

30. Бірыңғай перспективалық жоспардың іске асырылуына мониторингті тоқсан сайын уәкілетті орган жүзеге асырады.

31. Бірыңғай перспективалық жоспар екінші жартыжылдық ішінде жылына бір реттен артық емес қайта қаралуға (өзектілендіруге) жатады.

32. Осы Қағидалар қолданысқа енгізілгенге дейін туындаған құқықтық қатынастарға қолданылмайды.

Денсаулық сақтау инфрақұрылымын
дамытудың бірыңғай перспективалық
жоспарын қалыптастыру,
келісу және бекіту қағидаларына
1-қосымша

Нысан

(астананың, облыстың, республикалық
маңызы бар қалалардың атауы)
жергілікті атқарушы органының
20__ жылғы «__» _____
№__ шешімімен
бекітілген

20__ - 20__ жылдарға арналған денсаулық сақтау инфрақұрылымын
дамытудың
өңірлік перспективалық жоспары
(астананың, облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың атауы)

1-кесте. Амбулаториялық жағдайларда медициналық көмек көрсететін
денсаулық сақтау ұйымдары

Кестенің басталуы

Объект бойынша ақпарат									
№	Аудан / қала	Ауыл- дық округі/ қала ауданы	Ауыл- дық елді- мекен	Ауыл- дық ел- ді ме- кеннің типi*	Медици- налық ұй- ымның заңды ата- уы	Функцио- налдық бөлімше- нің атауы	Медициналық ұйым объ- ектілерінің типі (негізгі қызмет түрі / қосалқы қызмет түрі)	Объ- екті- нің мақ- саты	Объектілердің ор- наласқан жері (заңды және нақ- ты мекенжайы)
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Кестенің жалғасы

Объект бойынша ақпарат				
Қашықтық (км, автомобиль жолымен)				
ауылдық елді мекен- нің аудан орталығы- нан	медициналық пунктін немесе фельдшерлік-акушериялық пунктін қызмет көрсететін дәрігерлік амбу- латориядан		медициналық объектісі және (неме- се) ҒЖМҚ жоқ ауылдық елді мекен- нің жақын маңдағы медициналық объектіден **	
			Ха- лық саны (адам)	Ағым- дағы жыл- ға бе- кітіл- ген
			Объ- екті нің жоба- лық куаты	Объ- екті- нің ағым- дағы куаты

				халық саны (адам)		
11	12	13	14	15	16	17

Кестенің жалғасы

Объект бойынша ақпарат						
Жоба (типтік /типтік емес)	Объектінің жалпы ауданы ш.м.	Объектінің салынған жылы	ҚР ҚН сәйкес ғимараттың, құрылыстың шамамен қызмет ету мерзімі*** (жылдар)	объектінің тозу %	Соңғы күрделі жөндеу жүргізілген жыл	ҚР ҚН сәйкес кешенді күрделі жөндеуге қойылғанға дейін тиімді пайдалану ұзақтығы **** (жылдар)
18	19	20	21	22	23	24

Кестенің жалғасы

Жоспарланған мәртебе				
20__ жылға дейінгі халық санының болжамы (адам)	20__ жылға дейінгі бекітілген халық санының болжамы (адам)	Объектінің 20__ жылға жоспарланған қуаты	Объект бойынша жоспарланған іс-шаралар*****	Жоспарланған іс-шаралардың іске асырылатын кезеңі
25	26	27	28	29

Кестенің жалғасы

Инвестициялық жоспар					
Жоспарлау кезеңіндегі инвестициялардағы барлық қажеттілік (мың теңге)	оның ішінде қаржыландыру көздері бөлінісінде инвестициялар сомасы (мың теңге)				
	Республикалық бюджет	Жергілікті бюджет	Жалпы сипаттағы трансферттер	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік	Меншікті инвестициялар, демеушілік көмек және т.б.
30	31	32	33	34	35

Кестенің аяқталуы

Инвестициялық жоспар									
оның ішінде, жылдар бөлінісіндегі инвестициялар сомасы (мың теңге)									
20__	20__	20__	20__	20__	20__	20__	20__	20__	20__
36	37	38	39	40	41	42	43	44	45

Ескертпе:

* «Елді мекендерге арналған өңірлік стандарттар жүйесін бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 2 қыркүйектегі № 710 қаулысына сәйкес.

** жеке үй-жайы жоқ медицина қызметкері.

*** «Азаматтық, өндірістік ғимараттар мен құрылыстарды реконструкциялау, күрделі және ағымдағы жөндеу» 1.04-26-2022 ҚР ҚН-ның (бұдан әрі – ҚР ҚН) А қосымшасындағы (ғимараттар мен құрылыстардың шамамен қызмет ету мерзімдері) А1-кестесін қараңыз.

**** (Ғимараттар мен объектілерді тиімді пайдаланудың ең қысқа мерзімі) ҚР ҚН-ның А қосымшасындағы А.2- кесте.

***** Жөндеу жұмыстары (күрделі, сейсмикалық күшейту), реконструкциялау, құрылыс (оның орнына, қосымша немесе жаңа құрылыс), ашу (ғимаратты жалға алу, сатып алу, тез құрастырылатын модульдік конструкциялар сатып алу), біріктіру, жабу, қайта атау, медициналық көмек түрін өзгерту, сенімгерлік басқаруға беру және басқалар.

2-кесте. Стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары

Кестенің басталуы

Объект бойынша ақпарат											
№	Аудан/қала	Қала ауданы	Елді мекен	Медициналық ұйымның заңды атауы	Медициналық ұйым объектілерінің типі (негізгі қызмет түрі / қосалқы қызмет түрі)	Объектінің мақсаты	Объектінің орналасқан жері (заңды және нақты мекенжайы)	Ағымдағы жылға қызмет көрсетілетін халықтың саны (адам)	Объектінің жо-балық қуаты	Объектінің ағымдағы қуаты	Нысанның жалпы салынған жылы
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12

Кестенің жалғасы

Объект бойынша ақпарат					
Объектінің жалпы ауданы, ш.м.	Жоба (типтік /типтік емес)	ҚР ҚН сәйкес ғимараттың, құрылыстың шамамен қызмет ету мерзімі (жылдар)*	объектінің тозу %	Соңғы күрделі жөндеу жүргізілген жыл	ҚР ҚН сәйкес кешенді күрделі жөндеуге қойылғанға дейін тиімді пайдалану ұзақтығы (жылдар)**
13	14	15	16	17	18

Кестенің жалғасы

Объектінің жоспарланған мәртебесі			
Денсаулық сақтау объектісі бойынша жоспарланған іс-шаралар***	Жоспарланған іс-шараның іске асырылатын кезеңі	20__ жылға жоспарланған қуат	20__ жылға дейінгі қызмет көрсетілетін халық санының болжамы (адам)
19	20	21	22

Кестенің жалғасы

Инвестициялық жоспар					
Жоспарлау кезеңіндегі инвестициялардағы қажеттілік (мың теңге)	оның ішінде қаржыландыру көздері бөлінісіндегі инвестициялар сомасы (мың теңге)				
	Республикалық бюджет	Жергілікті бюджет	Жалпы сипаттағы трансферттер	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік	Меншікті инвестициялар, өтеусіз демеушілік көмек
23	24	25	26	27	28

Кестенің аяқталуы

Инвестициялық жоспар									
оның ішінде, жылдар бөлінісіндегі инвестициялар сомасы (мың теңге)									
20__	20__	20__	20__	20__	20__	20__	20__	20__	20__
29	30	31	32	33	34	35	36	37	38

Ескертпе:

* «Азаматтық, өндірістік ғимараттар мен құрылыстарды реконструкциялау, күрделі және ағымдағы жөндеу» 1.04-26-2022 ҚР ҚН-ның (бұдан әрі – ҚР ҚН) А қосымшасындағы (ғимараттар мен құрылыстардың шамамен қызмет ету мерзімдері) А1 кестесін қараңыз.

** (Ғимараттар мен объектілерді тиімді пайдаланудың ең қысқа мерзімі) ҚР ҚН-ның А қосымшасындағы А.2 кесте.

*** Жөндеу жұмыстары (күрделі, сейсмикалық күшейту), реконструкциялау, құрылыс (оның орнына, қосымша немесе жаңа құрылыс), ашу (ғимаратты жалға алу, сатып алу, тез құрастырылатын модульдік конструкциялар), біріктіру, жабу, қайта атау, медициналық көмек түрін өзгерту, сенімгерлік басқаруға беру, иеліктен шығару және жекешелендіру.

3-кесте. Стационарлық және амбулаториялық жағдайларда медициналық көмек көрсетпейтін денсаулық сақтау ұйымдары

Кестенің басталуы

Объект бойынша ақпарат											
№	Аудан /қала	Қала ауданы	Елді мекен	Медициналық ұйымның заңды атауы	Медициналық ұйым объектілерінің типі (негізгі қызмет түрі / қосалқы қызмет түрі)	Объектілердің мақсаты	Объектілердің орналасқан жері (заңды және нақты мекенжайы)	Ағымдағы жылға қызмет көрсетілетін халықтың саны (адам)*	Объектінің жобалық қуаты	Объектінің ағымдағы қуаты	Объектінің салынған жылы
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12

Кестенің жалғасы

Объект бойынша ақпарат						Жоспарланған мәртебе			
Объектілердің жалпы ауданы, ш. м.	Жоба (типтік/типтік емес)	ҚР ҚН сәйкес ғимараттың, құрылыстың шамамен қызмет ету мерзімі** (жылдар)	То-зу пайызы %	Соңғы күрделі жөндеу жүргізілген жыл	ҚР ҚН сәйкес кешенді күрделі жөндеуге қойылғанға дейін тиімді пайдалану ұзақтығы *** (жылдар)	20__ жылға дейінгі қызмет көрсетілетін халық санының болжамы (адам) *	Денсаулық сақтау объектісі бойынша жоспарланған іс-шаралар****	Объектінің 20__ - жылға жоспарланған қуаты	Жоспарланған іс-шара іске асырылатын кезеңі
13	14	15	16	17	18	19	20	21	22

Кестенің жалғасы

Инвестициялық жоспар					
Жоспарлау кезеңіндегі инвестициялардағы барлық қажеттілік (мың теңге)	оның ішінде қаржыландыру көздері бөлінісіндегі инвестициялар сомасы (мың теңге)				
	Республикалық бюджет	Жергілікті бюджет	Жалпы сипаттағы трансферттер	Мемлекеттік-жекешелік әріптестік	Меншікті инвестициялар, өтеусіз демеушілік көмек
23	24	25	26	27	28

Кестенің аяқталуы

Инвестициялық жоспар									
оның ішінде, жылдар бөлінісіндегі инвестициялар сомасы (мың теңге)									
20__	20__	20__	20__	20__	20__	20__	20__	20__	20__
29	30	31	32	33	34	35	36	37	38

Ескертпе:

* денсаулық сақтау ұйымының ерекшелігіне қарай қажеттілік бойынша толтырылады.

** «Азаматтық, өндірістік ғимараттар мен құрылыстарды реконструкциялау, күрделі және ағымдағы жөндеу» 1.04-26-2022 ҚР ҚН-ның (бұдан әрі - ҚР ҚН) А қосымшасындағы (ғимараттар мен құрылыстардың шамамен қызмет ету мерзімдері) А1 кестесін қараңыз.

*** (Ғимараттар мен объектілерді тиімді пайдаланудың ең қысқа мерзімі) 1.04-26-2022 ҚР ҚН-ның А қосымшасындағы А.2 кесте.

**** Жөндеу жұмыстары (күрделі, сейсмикалық күшейту), реконструкциялау, құрылыс (оның орнына, қосымша немесе жаңа құрылыс), ашу

(ғимаратты жалға алу, сатып алу, тез құрастырылатын модульдік конструкциялар), біріктіру, жабу, қайта атау, медициналық көмек түрін өзгерту, сенімгерлік басқаруға беру, иеліктен шығару және жекешелендіру.

Денсаулық сақтау
инфрақұрылымын дамытудың
бірыңғай перспективалық
жоспарын қалыптастыру,
келісу және бекіту қағидаларына
2-қосымша

Нысан

**Денсаулық сақтау ұйымдарын немесе денсаулық сақтау саласындағы
инвестициялық жобаларды өңірлік перспективалық жоспарға енгізу немесе
өңірлік перспективалық жоспардағы мәліметтерді өзектендіру мәселесін
қарау туралы өтінім**

1-бөлім. Өтінім беруші туралы ақпарат

1. Толық заңды атауы:

2. Ұйымдық-құқықтық нысаны:

3. БСН/ЖСН: _____

4. Заңды мекенжайы: _____

5. Нақты мекенжайы: _____

6. Өтініш берушінің мәртебесі (қажеттісін белгілеу):

- 1) жұмыс істеп тұрған денсаулық сақтау ұйымы;
- 2) инвестор;
- 3) басқа (көрсету қажет)

_____.

7. Медициналық қызметпен айналысуға лицензияның және (немесе) өзге
рұқсат беру құжаттарының болуы (бар болған жағдайда нөмірін, берілген күнін
және қолданылу мерзімін көрсете отырып тізіп шығу):

2-бөлім. Өтініш түрі

Денсаулық сақтау саласындағы жаңа ұйымды немесе инвестициялық жобаны өңірлік перспективалық жоспарға енгізу.

Денсаулық сақтау ұйымы немесе өңірлік перспективалық жоспарға бұрын енгізілген жоба туралы мәліметтерді өзектендіру.

3-бөлім. Өтініштің негіздемесі

8. Жұмыс істеп тұрған өңірлік перспективалық жоспарға бұрын енгізілмеген денсаулық сақтау ұйымы үшін:

1) көрсетілетін қызметтер (осы өтінімге қолданыстағы лицензия(лар)ға және (немесе) өзге рұқсат беру құжаттарына (бар болған жағдайда) сәйкес көрсетілетін қызметтердің толық тізімі қоса беріледі);

2) денсаулық сақтау ұйымының қуаттылығы:

а) бір ауысымдағы қабылдаулар саны _____ (бірнеше денсаулық сақтау инфрақұрылымы объектілері болған жағдайда (емхана, медициналық-санитариялық алғашқы көмек орталығы, дәрігерлік амбулатория және т.б.) қуаттылық әрбір объект бойынша көрсетіледі);

б) төсек саны _____ (әрбір медициналық бейін бойынша көрсетіледі);

в) басқа _____;

3) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі (бұдан әрі – ТМККК және (немесе) МӘМС жүйесі) шеңберінде қызмет көрсету:

ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесі шеңберінде жоспарланған көлем

_____;

4) соңғы 3 (үш) жылдағы нақты жүктеме:

а) бір ауысымдағы қабылдаулар саны _____
(бірнеше денсаулық сақтау инфрақұрылымы объектілері болған жағдайда
(емхана, алғашқы медициналық-санитарлық көмек орталығы, дәрігерлік
амбулатория және т.б.) нақты жүктеме әрбір объект бойынша көрсетіледі);

б) төсек жұмысы _____ (әрбір медициналық бейін
бойынша көрсетіледі);

в) басқа _____;

5) бос қуат резервтерінің болуы

_____;

б) өңірлік перспективалық жоспарға енгізу үшін негізгі параметрлер:

а) амбулаториялық жағдайда медициналық көмек көрсететін денсаулық
сақтау ұйымы (өтінімге инфрақұрылымды дамытуға арналған бірыңғай
перспективалық жоспарды қалыптастыру, келісу және бекіту қағидаларына 1-
қосымшаның 1-кестесіне сәйкес толтырылған кесте қоса беріледі);

б) стационарлық жағдайда медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау
ұйымы (өтінімге инфрақұрылымды дамытуға арналған бірыңғай перспективалық
жоспарды қалыптастыру, келісу және бекіту қағидаларына 1-қосымшаның 2-
кестесіне сәйкес толтырылған кесте қоса беріледі);

в) стационарлық және амбулаториялық жағдайда медициналық көмек
көрсетпейтін денсаулық сақтау ұйымы (өтінімге инфрақұрылымды дамытуға
арналған бірыңғай перспективалық жоспарды қалыптастыру, келісу және бекіту
қағидаларына 1-қосымшаның 3-кестесіне сәйкес толтырылған кесте қоса беріледі).

9. Денсаулық сақтау саласындағы жаңа инвестициялық жоба үшін:

1) жоспарланған қызмет бейіні

_____;

2) жобалық қуаттылығы _____;

3) жобаны іске асырудың (пайдалануға берудің) жоспарланған мерзімі

_____;

4) ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде қатысу жоспары

5) қосымша ақпарат

6) Жобаны өңірлік перспективалық жоспарға енгізу үшін негізгі параметрлер:

а) амбулаториялық жағдайда медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымы (өтінімге инфрақұрылымды дамытуға арналған бірыңғай перспективалық жоспарды қалыптастыру, келісу және бекіту қағидаларына 1-қосымшаның 1-кестесіне сәйкес толтырылған кесте қоса беріледі);

б) стационарлық жағдайда медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымы (өтінімге инфрақұрылымды дамытуға арналған бірыңғай перспективалық жоспарды қалыптастыру, келісу және бекіту қағидаларына 1-қосымшаның 2-кестесіне сәйкес толтырылған кесте қоса беріледі);

в) стационарлық және амбулаториялық жағдайда медициналық көмек көрсетпейтін денсаулық сақтау ұйымы (өтінімге инфрақұрылымды дамытуға арналған бірыңғай перспективалық жоспарды қалыптастыру, келісу және бекіту қағидаларына 1-қосымшаның 3-кестесіне сәйкес толтырылған кесте қоса беріледі).

10. Өңірлік перспективалық жоспарға бұрын енгізілген денсаулық сақтау ұйымы немесе жоба туралы мәліметтерді өзектендіру үшін:

№	Параметр	Қолданыстағы редакция	Ұсынылған редакция	Енгізілетін өзгерістердің негіздемелері

4-бөлім. Өңірлік перспективалық жоспарға енгізудің негіздемелері

(денсаулық сақтау ұйымын немесе денсаулық сақтау саласындағы
инвестициялық жобаны өңірлік перспективалық жоспарға енгізудің
қажеттілігінің негіздемелері)

5-бөлім. Қосымшалар

Өтінімге оның ажырамас бөлігі болып табылатын мынадай құжаттар қоса беріледі:

- 1) егжей-тегжейлі негіздемесі бар түсіндірме жазба ____ парақта;
- 2) есептеулердің талдамалық кестелері ____ парақта;
- 3) алдағы 5-10 жылға арналған демографиялық болжам ____ парақта;
- 4) денсаулық сақтау ұйымының соңғы 3 (үш) жылдағы есебі (жұмыс істеп тұрған денсаулық сақтау ұйымдары үшін):
 - а) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 22 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-313/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы есептік құжаттама нысандарын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21879 тіркелген) ____ парақта;
 - б) «Денсаулық сақтау саласындағы көрсеткіштерді қалыптастыру (есептеу) әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-212/2020 бұйрығына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21698 тіркелген) ____ парақта;

5) Қазақстан Республикасының «Электрондық үкімет» порталынан алынған 6-нысан «жылжымайтын мүліктің жоқтығы (болуы) туралы мәліметтер» әрбір медициналық ұйым бойынша ____ парақта (жұмыс істеп тұрған денсаулық сақтау ұйымдары және жаңа жобалар үшін (болған жағдайда));

6) әрбір медициналық ұйым бойынша жылжымайтын мүлік объектісінің техникалық паспорты және (немесе) кадастрлық паспорты __ парақта (жұмыс істеп тұрған денсаулық сақтау ұйымдары және жаңа жобалар үшін (болған жағдайда));

7) объектінің құрылыс конструкцияларын техникалық тексеру және олардың техникалық жағдайын бағалау нәтижелері бойынша техникалық қорытынды (болған жағдайда);

8) жер учаскесіне құқық белгілейтін құжаттар ____ парақта (жаңа жобалар үшін болған жағдайда);

9) басқа құжаттар

Осы арқылы ұсынылған ақпараттың, құжаттардың және материалдардың дұрыстығына, толықтығына және мазмұнына кепілдік беремін және растаймын.

Есептік қажеттіліктің болмауы немесе жұмыс істеп тұрған денсаулық сақтау ұйымдарының жеткілікті қуатының болуы немесе Қағидаларда белгіленген өзге де негіздер бойынша өңірлік перспективалық жоспарға енгізуден бас тарту мүмкіндігі туралы хабардар екенімді растаймын.

Барлық өзгерістер (денсаулық сақтау ұйымы объектісінің түрі, объектінің мақсаты, объектінің орналасқан жері, қызмет көрсетілетін халық саны, объектінің ағымдағы қуаттылығы, объектінің жалпы ауданы (шаршы метр), денсаулық сақтау объектісі бойынша жоспарланған іс-шаралар, жоспарланған іс-шараларды іске асыру кезеңі, қызмет көрсетілетін халық санының болжамы және т.б.) туралы Қағидаларда белгіленген тәртіппен және мерзімде хабарлауға міндеттенемін.

Денсаулық сақтау ұйымының басшысы немесе оның міндетін атқарушы тұлға

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), қолы)
МО

Денсаулық сақтау
инфрақұрылымын дамытудың
бірыңғай перспективалық жоспарын
қалыптастыру, келісу және
бекіту қағидаларына
3-қосымша

**Медициналық-санитариялық алғашқы көмек объектітерінің жобалық
қуаттылығы мен ауданын есептеу**

1 тарау. Жалпы ережелер

1. Медициналық-санитариялық алғашқы көмек объектітерінің жобалық қуаттылығы мен және ауданын есептеу мынадай айқындаудың бірыңғай тәртібін белгілейді:

1) Медициналық-санитариялық алғашқы көмек объектітерінің (бұдан әрі — МСАК объектілері) қуатын, соның ішінде жобалық қуатын анықтау;

2) МСАК объектілерінің есептік ауданын анықтау.

2. Есептеу мынадай жағдайларда қолданылады:

1) МСАК ұйымдары желісін жоспарлау;

2) аймақтық перспективалық жоспарларды қалыптастыру;

3) инвестициялық жобаларды әзірлеу;

4) жоба алдындағы құжаттаманың арнайы (медициналық) бөлігін әзірлеу;

5) МСАК объектілерін салу және қайта құру жобалау кезінде.

3. Есептеуді қолдану ескеруді талап етеді:

1) медициналық көмекті ұйымдастырудың өңірлік ерекшеліктері;

2) қалаланудың деңгейі және халық тығыздығы;

3) медициналық ұйымдардың (объектілердің) аумақтық қолжетімділігі;

4) цифрлық технологияларды және қашықтан медициналық көмек көрсету формаларын (телемедицина) енгізу;

5) денсаулық сақтау жүйесінің перспективалық дамуы.

4. Есептеудің әрекеті мынадай типтегі МСАК объектілеріне таралады:

1) поликлиникалар және олардың құрылымдық бөлімшелері;

2) медициналық-санитариялық алғашқы көмек орталықтары (бұдан әрі — МСАКО);

3) дәрігерлік амбулаториялар (бұдан әрі — ДА).

5. МСАК объектілерінің параметрлерін анықтау негізделеді:

1) халық санының болжамына;

2) халықтың медициналық көмекке қажеттілігіне;

3) медициналық ұйымның есептік қуатына.

6. Есептеуде МСАК объектілерінің ауданын есептеу ірілендірген тәсілді кабинеттерге қажеттілік негізінде (4-тарау) және кабинеттерге деген қажеттілік негізінде егжей-тегжейлі тәсілді (5-тарау) қолдану арқылы жүзеге асырылады.

7. Қолданылатын тәсілге қарамастан, МСАК объектісінің есептік алаңы функционалдық аймақтарға бөлу негізінде қалыптастырылады және Қазақстан Республикасының ҚН ЖП 3.021132014 «Емдеупрофилактикалық мекемелер» талаптарына, сондайақ бастапқы медициналықсанитариялық алғашқы көмекті ұйымдастыру құрылымына сәйкес үйжайлардың негізгі топтарын қамтиды.

Негізгі үйжайлар топтарына жатады:

1) емдеупрофилактикалық үйжайлар;

2) күндізгі стационар үйжайлары (бар болған жағдайда);

3) жалпы үйжайлар (аймақтар);

4) қызметтік және тұрмыстық үйжайлар.

Функционалдық блоктар бойынша жалпы аумақты бөлу мынадай шектерде жүзеге асырылады:

1) емдеу-профилактикалық үй-жайлар-60-75 %, оның ішінде:

амбулаториялық қабылдау-35-40 %:

жалпы практика дәрігерлерінің кабинеттері;

бейінді мамандардың кабинеттері;

емшара және екпе;

дәрігерге дейінгі қабылдау кабинеттері;

диагностикалық бөлімшелер-15-20 %:

